

«ЗАМАНАУИ ДЫБЫСТЫ – КӨРІНІСТІК КЕҢІСТІКТЕГІ  
«КИНО ЖӘНЕ ТЕЛЕВИЗИЯ» ФАКУЛЬТЕТІНДЕГІ  
ДӘСТҮР МЕН ИННОВАЦИЯЛАР»  
атты «Кино және ТВ» факультетінің 30 жылдығына арналған  
халықаралық ғылыми-практикалық конференция

Алматы, 9-10 сәуір, 2024

Международная научно-практическая конференция  
«ТРАДИЦИИ И ИННОВАЦИИ ФАКУЛЬТЕТА  
«КИНО И ТЕЛЕВИДЕНИЕ» В СОВРЕМЕННОМ  
АУДИОВИЗУАЛЬНОМ ПРОСТРАНСТВЕ»  
посвященная 30-летию факультета «Кино и ТВ»

Алматы, 9-10 апреля 2024

International Scientific and Practical Conference  
«TRADITIONS AND INNOVATIONS OF  
THE FACULTY OF CINEMA AND TELEVISION  
IN THE MODERN AUDIOVISUAL SPACE»,  
dedicated to the 30 th anniversary of facultety  
«CINEMA AND TELEVISION»

Almaty, 9-10, 2024 Алматы

ӘОЖ 778.5/654.197

КБЖ 85.37/32.64

М 44

**Ғылыми редактор:**

Философия ғылымдарының докторы, профессор,  
Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы  
Ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры Қ.З. Халықов

**Жауапты редактор:**

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,  
«Экран өнері режиссурасы» кафедрасының профессоры Ғ.Б. Әбілдина

**Редакциялық алқа мүшелері:**

«Кино және ТВ» факультеті деканы, PhD М.К.Бакеева;

«Экран өнері режиссурасы» кафедрасының меңгерушісі,  
өнертану магистрі А.М. Ахметжанова;

«Дыбыс режиссурасы және операторлық өнер»  
кафедрасының меңгерушісі, доцент А.Т. Мырзашева;

«Кино және ТВ» факультетінің 30 жылдығына арналған «ЗАМАНАУИ ДЫБЫСТЫ  
– КӨРІНІСТІК КЕҢІСТІКТЕГІ «КИНО ЖӘНЕ ТЕЛЕВИЗИЯ ФАКУЛЬТЕТІНДЕГІ ДӘСТҮР  
МЕН ИННОВАЦИЯЛАР» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары.  
– Алматы: 9-10 сәуір 2024. – 335 б.

**ISBN 978-601-04-5921-2**

Қазақстандағы киноөндіріс мен ақпарат кеңістігінде қызмет ететін мамандар даярлау мектебінің ашылғанына 30 жыл толып отыр. Заманауи дыбысты – көріністік кеңістіктегі жаңашылдық, жалпы мәдени саладағы өзгерістер осы жинаққа енгізілген мақалаларда кеңінен таратылады. Сонымен қоса, білім беру үрдісін қолға алып, кино және телепедагогиканың негізін салған қайраткерлер мен оқытушылар туралы да дерек бергенді жөн көрдік.

Жинақ публицистика, кино, драматургия және режиссура саласын зерттеуші ғалымдар мен ізденушілерге, PhD докторанттарына, магистранттар мен студенттерге және көпшілік оқырманға арналған.

**ӘОЖ 778.5/654.197**

**КБЖ 85.37/32.64**

Узбекские студии дубляжа взаимодействуют с мировыми тенденциями. Это позволяет использовать передовые технологии и методы, обогащая узбекский дубляж новыми идеями и подходами. Таким образом, техническое развитие в области звукорежиссуры существенно повлияло на становление искусства дубляжа. Современные технологии создают не только более точные и качественные аудиозаписи, но и открывают новые горизонты для творчества и инноваций в сфере дубляжа.

#### Литература

1. OVOZ REJISSORLIGIDA DUBLAJ VA OVOZLASHTIRISH SAN'ATINING RIVOJLANISH ISTIQBOLLARI DI Mirsaidova – Oriental Art and Culture, 2023

2. Узбек дубляж санъати – Ташкент 2023 г.

### ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ БІРЕГЕЙЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ КИНОИНДУСТРИЯНЫҢ РӨЛІ: «ОЯН ҚАЗАҚ!» ФИЛЬМІНЕ МӘДЕНИЕТТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ

Хасиетова Ж.Ж.<sup>1</sup>, Исмагамбетова З.Н.<sup>2</sup>  
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Алматы, Қазақстан  
E-mail: zhaniyamh@gmail.com, zuchra-50@mail.ru

**Андатпа:** Ғылыми мақала қазақстандық «Оян Қазақ!» фильмінің мысалында ұлттық-мәдени бірегейлікті қалыптастырудағы киноиндустрияның рөлін зерттеуге арналған. Жұмыста фильмнің қазіргі қазақ қоғамындағы ұлттық бірегейлік пен мәдени құндылықтарды құру процестеріне әсерін айғақтап, осы тарихи туындыға мәдени талдау жасалған. Мақала фильмнің мазмұны мен құрылымын, сондай-ақ оның аудитория мен қоғамдық пікірге әсерін зерттеуге негізделген. Талдау нәтижелеріне сүйене отырып, киноның ұлттық мәдени бірегейлікті қалыптастыру мен ілгерілетудің қуатты құралы ретінде, әсіресе қоғамдағы заманауи сын-қатерлер мен қайта құрулар жағдайында маңыздылығы туралы қорытынды жасалады. Жұмыс мәдениеттану, кино зерттеушілерін, сондай-ақ ұлттық бірегейлік және медиа зерттеулер саласындағы мамандарды қызықтыруы мүмкін.

**Резюме:** Научная статья посвящена изучению роли киноиндустрии в формировании национальной культурной идентичности на примере казахстанского фильма «Оян Қазақ!». В работе проводится культурологический анализ данного кинотворчества, выявляющий влияние фильма на процессы конструирования национальной идентичности и культурных ценностей в современном казахстанском обществе. Статья основывается на изучении содержания и структуры фильма, а также на его воздействии на аудиторию и общественное мнение. По результатам анализа делается вывод о значимости кинематографа как мощного инструмента формирования и продвижения национальной культурной идентичности, особенно в контексте современных вызовов и преобразований в обществе. Данная научная работа может быть интересна исследователям культурологии, кинематографа, а также специалистам в области национальной идентичности и медиаисследований.

**Summary:** The scientific article is devoted to the study of the role of the film industry in the formation of national and cultural identity on the example of the Kazakh film «Oyan Kazak!». The paper provides a cultural analysis of this film creation, revealing the influence of the film on the processes of constructing national identity and cultural values in modern Kazakh society. The article is based on the study of the content and structure of the film, as well as its impact on the audience and public opinion. Based on the results of the analysis, a conclusion is made about the significance of cinema as a powerful tool for the formation and promotion of national cultural identity, especially in the context of modern challenges and transformations in society. This research paper may be of interest to researchers of cultural studies, cinema, as well as specialists in the field of national identity and media studies.

Қазіргі кезеңде мәдениет ұлттық біртектілікті сақтауда, қоғамдық құндылықтар мен өнегелік бағыттарды дамытуда жасампаздық рөл атқара отырып, мемлекет үшін дамудың негізгі басымдықтарының бірі болып табылады. Мәдениеттің дамуы қоғамды жұмылдыруға, ішкі тұрақтылықты нығайтуға, бірлікті сақтауға ықпал етеді.

Бүгінгі таңда мәдениет саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі – ұлттық киноны қолдау және дамыту болып табылады. Себебі, елдің мәдени дамуында кино саласының қосар үлесі зор. Кино – қоғамдағы мәдени игілік. Мәдени мұра ретінде ұлттық киноиндустрия өнімдері

халықтың даралығын қалыптастыруға, халықаралық байланыстарды нығайтуға, мемлекеттің шет елдердегі оң имиджін арттыруға ықпал етеді.

Қоғамдық құндылықтарды жаңарту мен елдің жаңғыру жолында киноның идеологиялық маңызы зор. Кино арқылы мемлекеттің мүддесіне сай келетін идеялар, ұлттық біртектілік дәріптеледі, адамгершілік, рухани құндылықтар насихатталады. Мәдениетаралық кеңістікте өзінің бірегейлігін көрсете отырып, кино өнері халықаралық байланыстарды кеңейтеді. Осы орайда, мемлекет басты міндеттердің бірі ретінде отандық киноиндустрия өнімдерін ел ішінде және шетелде ілгерілетуге, кеңінен ұсынуға айрықша мән беруде [1].

Мәдениеттің бірегей саласы ретінде киноиндустрия қоғамға рухани-өнегелік пайда әкеледі. Кино мемлекеттің идеологиялық құралдарының бірі ретінде қоғамда әлеуметтік-мәдени қызметтерді жүзеге асырады. Ұлттық кино өз көрерменіне қоғам мен мемлекеттік саясаттың өткір проблемаларын сипаттап, жеткізе алу қабілетіне ие.

Сонымен қатар, Әлеуметтік институт ретінде кино бірқатар маңызды құндылықтарды қалыптастырады: танымдық, тәрбиелік, коммуникативтік, көркемдік-эстетикалық, ойын-сауық, эвристикалық, идеологиялық, коммерциялық. Олардың атқаратын қызметі мен құндылықтарын келесі кестеде жазылған.

1-кесте.

*(Әлеуметтік институт ретінде киноиндустрияның атқаратын қызметі)*

<p><b>танымдық</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• көрерменге жаңа білім мен ақпарат таратады;</li> <li>• жеке көзқарасты, ойды қалыптастырады</li> </ul>	<p><b>тәрбиелік</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• қоғамдық идеялар мен құндылықтарды балаларға, жастарға дәріштейді, адамгершілік қасиеттерді көрсете алады</li> </ul>	<p><b>коммуникативтік</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• мәдени жетістіктермен алмасуға, адамдар арасында ой бөлісуге, сөйлесуге ықпал етеді</li> </ul>	<p><b>көркемдік-эстетикалық</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• адамдар жарқын бейнелерді, әсем, көркем дүниелерді көреді, жоғары қалауы мен қажеттіліктерін қалыптастырады</li> </ul>
<p><b>ойын-сауық</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• кино көру арқылы адамдар бос уақытын ұйымдастырады, мәдени қажеттіліктерін қанағаттандырады</li> </ul>	<p><b>эвристикалық</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• көрерменге ойлануға, талдау жасауға, талқылауға, болжам жасауға мүмкіндік береді</li> </ul>	<p><b>идеологиялық</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• қоғамдық санаға әсер етеді, құндылықтар мен идеяларды таратады, отансүйгіштікке тәрбиелейді</li> </ul>	<p><b>коммерциялық</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• фильмдерді жасаушыларға қаржылық табыс, кіріс алып келеді</li> </ul>

Бұл құндылықтардың әрқайсысы қоғам үшін маңызды. Әсіресе жастар мен балалардың әлеуметтенуі процесінде киноның тәрбиелік және танымдық қызметтері аса маңызды.

Кино адамдардың әсер алу қажеттіліктерін ғана қанағаттандырып қоймайды, адамдарға белгілі бір ой салады, қоғамдық маңызы бар оқиғалар, тарихи тұлғалар туралы ақпарат береді. Фильмдер ежелгі дүние тарихынан қазіргі мемлекеттерге дейінгі тарихты үйрену үшін пайдалы. Фильмдер – өз көрермендері үшін көрнекі көңіл-күй ғана емес, сонымен қатар адам өмір сүретін әлеуметтік, экономикалық және саяси жағдайлар туралы оқиға. [2].


Кез келген ел үшін өзінің бірегей ұлттық мәдени кеңістігін қалыптастыру маңызды. Сәтті дамыған мемлекет мәдениет саласындағы саясатын жүзеге асыра отырып, қоғамның тұрақты дамуына жағдайлар жасайды. Мәдени дамуды қамтамасыз ететін салалардағы қызметтің сапасын арттыруды көздейді. Осы орайда, ұлттық кино өнері мәдениетаралық кеңістікте айрықша орын алады. Өнердің бірегей туындыларының қатарына жататын кинофильмдер арқылы әлемге әрбір елдің даралық, ұлттық мәдениетінің ерекшеліктері таралады, қоғамға белгілі бір ой-пікірді жеткізеді. Әлемдік мәдени

кеңістіктегі мемлекеттердің оң имиджін қалыптастыруға ықпал етеді. Кино өз көрерменіне дүниенің түкпір жерлеріндегі ұлттар мен этностар, діндер мен мәдениеттер, салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар туралы ақпарат ұсына отырып, әртүрлі түсініктер мен стереотиптер қалыптастырады [3].

Сонымен бірге, киноиндустрия саласының елдің мәдени дамуына ықпал етуі мынадай бағыттардан байқалады:

2-кесте.

(Киноиндустрия саласының елдің мәдени дамуына ықпал ету бағыттары)



Жоғарыда аталған бағыттардың барлығы әрбір мемлекет үшін маңызды. Қазақстан үшін де ұлттық киноиндустрияны дамытып, әлемдік аренадан елеулі орын алу стратегиялық міндеттердің бірі болып қала бермек.

Осылайша, кино саласы ұлттық мәдениет пен өнердің маңызды бөлігі болып табылады. Отандық мәдениет өнімі ретінде кино туындыларын жасап, тарататын киноиндустрия саласы елдің мәдени-әлеуметтік және экономикалық дамуына да әсер етеді. Ал бұлардың бәрі тұтастай алғанда қоғамның тұрақты дамуын қалыптастырады. Мәдени, шығармашылық, ағартушылық, тәрбиелік, көркемдік-эстетикалық, идеологиялық сияқты қызметтерді жүзеге асыра отырып, киноиндустрия саласы азаматтардың, жалпы елдің мәдени деңгейін арттыруға ықпал етеді. Киноиндустрияның қызмет етуі ғана емес, қоғамға әсері де оның дамуындағы басты әлеуметтік-мәдени фактор болып табылады. [4].

Қазақ киноиндустриясының қазіргі таңда ұлттық мәдени бірегейлігімізді әспеттейтін біршама туындылары халқымыздың тарихи оқиғаларына негізделіп, көрерменнің көзайымына айналуға бастады. Мысалы, «Жау жүрек мың бала», «Томирис», «Әмре», «Қазақ хандығы», «Ұлы дала таңы», «Монғол», «Оян Қазақ!», «Батыр из прошлого» және т.б. кино туындылары жатқыза аламыз.

«Міржақып. Оян, қазақ!» – қазақ киноиндустриясы үшін қоғамға жаңа леп әкелген бірегей туынды. Аталмыш көркем фильм нұсқасы алты бөлімнен тұратын телехикая негізінде монтаждалған. Фильм тарихымыздағы ең жарқын да қадірлі тұлғалардың бірі – кезінде 1917-1920 жылдары Алаш Орданың белді мүшесі және 20 ғасырдың басындағы қазақ ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің қатарында болған Мыржақып Дулатовтың өмір тарихын баяндайды. Барлығымыз білетіндей М. Дулатов – қазақтың ұлттық әдебиетінің бастауында тұрған, өзіндік ұлттық ерекшелігі мен ұлттық мәдениетін сақтауды жақтаған серпінді ақын, жазушы. Халқымыз үшін қадірлі тұлғаға арналған аталмыш кино туынды, әлі күнге дейін ел аузында қызу талқыға салынып, түрлі мамандардың сынына калуда. Десек те, мәдениеттанушы тұрғысынан біз осы көркем туындыны өз тарапымыздан талқылауға бел будық.

Кино туынды төрт бөлікке бөлінген. Біріншісі «Құпия әдебиет» деп аталады, ондағы оқиғалар 1911 жылы Қызылжар және Омбы қалаларында өтеді. Сол жылдары Дулатов өзінің «Оян, Қазақ!» атты жыр жинағын жазып, қазақтарды оянып, бостандыққа қол жеткізуге шақырып, халық арасында ол туралы қызу қауесет тарайды. Сондай-ақ «Қазақ» қоғамдық-саяси газетін шығаруға қаражат пен баспагер іздеп, тұңғыш қазақ романы – «Бақытсыз Жамал» жарыққа шығарады. Яғни бұл бөлімде режиссер бізге ең әуелі М.Дулатовты ақын, жазушы тұрғысынан таныстырып, оның сол кездегі қызметіне шолу жасайды. Сондай-ақ осы бөлімнен режиссер Міржақып Дулатовтың сол дәуірдегі патша полициясында ол әлеуетті революционер және бұлікші болып саналатынын да шебер көрсете алды.

Екінші бөлім «Ағыбайдың қылышы» бізді 1918 жылға тартады. Мұнда біз 1917 жылғы төңкерістен кейінгі күйреу мен бейберекетсіздікті және бұрынғы империяны шарпыған азамат соғысының құйынында қалған қазақтарды көреміз. Дулатов айтқандай, «бір жақта Колчак, екінші жақта Кеңес үкіметі». Десе де, Алашорда көсемдері Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов және Міржақыптың өзі қызылдармен де, ақтармен де келіссөздер жүргізуге бастамашылық жасап, билік жүйесінің халыққа қолайлы нұсқасын табуға тырысады. Олардың пайымдауынша ең дұрысы, федерация құрамындағы қазақ автономиясы болса деген ниет тұрды. Дегенмен, бірде-бір ресейлік бұл нұсқаға оң көзқараспен қарап, құптамады. Тарих бағыныңқы райға шыдамаса да, киноның дәл осы қарау минуттарында көрерменге «Егер ол орындалса, тарих басқа жолмен бұрылса, бәрі қалай болар еді? Біз қазір қайда болар едік, қандай болар едік?» деген сұрақ ойға оралады.

Киноның үшінші және төртінші бөлімдері көрерменге қорқыныш сезімін ұялатып, елінің болашағы үшін үлкен үрей тудыртып, қорқынышты болжайды. Оған қоса үшінші бөлімнің тақырыбы – «Әке, менің қарным ашты!» көрерменді одан сайын дүрліктіре түсірді.

Бұл бөлімде жоғары азық-түлік салығы мен жалпы бейберекетсіздіктің нәтижесінде Оңтүстік Қазақстанда 1921 жыл мен жергілікті ашаршылықтың басталғанын көреміз. Ол 1930 жылдардағы жалпы қорқынышты ашаршылықтың хабаршысы ретінде туындыда өз орнын табады. Дулатов ашаршылықты жою комитетін басқарып, Байтұрсынов, Бөкейханов, Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытовпен бірге қазақтардың азырақ зардап шеккен аймақтарының малдарын басқа жерлерге тасымалдау – ашаршылыққа ұшырағандарға көмектесу мүмкіндігі үшін бұрыннан орнаған Кеңес өкіметіне қарсы күреседі. Осы тұста асыл ерлеріміздің ұлтты мен халқына деген қамқорлығы, қиындықта қалдырмай барынша көмек қолын созуға дайын тұрғанын режиссер ерекше бейнелей түседі. Әрине бұл қасиеттер біздің ұлттық бірегейлігіміздің асыл көрсеткіші деп білеміз.

«Қара мысық» деп аталатын фильмінің соңғы бөлімі 1929 жылы басталып, Дулатовтың өміріндегі ең қорқынышты және сол кездегі сөзсіз ауыр кезенді бейнелеп, өзіндік азаматтық ұстанымы бар ұлт жанашырларының бастан кешкен ауыр күндерін баяндайды. Соның ішінде азаматтардың тұтқындалуы, Бутыр түрмесі, Соловецкий арнайы лагерінде орын алған оқиғаларға да ерекше көңіл аударады.

«Міржақып. Оян, қазақ!» бұл, ең алдымен, адамның тарихы – бұл жай ғана саясаткер, қоғам қайраткері, ағартушы және өз Отанын, тілін жақсы көретін патриот емес, ол көптеген тарихи тұлғалар сияқты сергек кейіпкер емес, ол махаббат сияқты сезімдерге бейім тірі және шынайы адам туралы аса шеберлікпен түсірілген көркем туынды болып табылады. Жоғарыда айтып кеткендей, аталмыш туынды қоғамды дүр сілкіндіріп, тарихшыларды бей жай қалдырмады. Соның бірден бірі тарих ғылымдарының докторы, Алаштанушы, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі Мәмбет Қойгелдиев бұл туынды жайында «Мұрат Есжанның көркем фильмі қазақ қоғамында сілкініс тудырғаны – бұл жайдан жай емес. Қазақ оянуға мұқтаж. Жаңа сұраныстарға, жаңа заманға байланысты, тағдырлы кезеңге байланысты оянуға мұқтаж. Қазіргі кезеңде оңай уақыт деп айта алмайсың. Күрделі жағдай. Осындай тұста қазақ көрермендерінің «Оян қазақты» көріп, жастардың жылап қайтуы жайдан жай емес. Адамдардың өзінің бабалары туралы ойда жүргенінің көрінісі. Оның тілі, мәдениеті, болашағына бей-жай қарамайтының белгісі» [5]. деп өз ойын білдірген болатын. Сонымен қатар, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы Берекет Кәрібаев «Міржақып. Оян, Қазақ!» фильмін көрушілердің қатары қалың. Әсіресе, жастар тарапынан қызығушылық жоғары. Бұған бірнеше себеп бар. Алдымен, жарнамасы жақсы болды. Сосын киноның өзі тартымды. Елдің рухын оята алды. Мұндай қызығушылықтың жоғары болуы – бірінші кезекте фильмнің режиссері бастаған шығармашылық топтың жеңісі. Алдымен идея, жазылған сценарий, оператордың түсірудегі шешімі, монтаж жұмыстарының жаңа заман талаптарына сай болуы фильмді жаңа белеске көтерді. Жастар мұндай киноға зәру. Арзан күлкі, комедияға халық тойған. Тарихи туындыларға сусындап отыр. Кино деген әр көрген сайын әсер алып отыратындай болу керек. Өнер туындысы ой салу қажет. Жылата отырып, күлдіре алу тиіс. Сезімдерін оята алса, режиссердің жеңісі. Сол кезде фильм авторлары мақсатына жете алады» [6]. деп өз пікірін қалдырған болатын.

Осы тұста біздің мәдениеттанушылар тұрғысынан аталмыш фильмнің қоғам ішінде қызу талқыға түсіп, үлкен қызығушылықты тудыртып, ұлттық мәдени бірегейлігімізді әспеттейтін аталмыш туындының сәтті шығуының бірнеше себебін айғақтадық.

1. Әуелі бұл туындының маркетингі жақсы ойластырылған. Әлеуметтік желілер арқылы көрермендердің қызығушылығын оята алып, жалпы халықтық трендке айнала алды.

2. Тағы бір фактор – туынды көрермен көкейіндегі ойды қамти алды. Яғни, қазіргі жаһандық геосаяси ахуал аясында әрбір қоғам мүшесінің санасында «Біз кіміз?» деген сұрақ аса маңызды бола бастады. Сол арқылы халық өзінің ұлттық мәдени бірегейлігін айғақтай алды.


3. Фильмнің көркемдік жағы керемет ойластырылған. Туындының драматургиясы, мазмұны, сапасы жоғарғы дәрежеде көрерменге жол тартты.

4. Туынды авторлары диалогқа қатты мән беріп, тіл ерекшеліктерін, архаизм сөздерді де ескерген. Фильмнің тілін бір ғасыр бұрынғы қазақшаға келтіруге тырысқан. Сондықтан туынды шынайы шыққан. Осы бөлік арқылы көрерменді сюжетке сендіре біліп, адамның эмоциясын оята алды.

Аталмыш туындының тағы да бір ерекшелігі ол қомақты қаражат жинап, қазақ киноиндустриясындағы ең жоғарғы баға жинаған көркем фильм болып табылады. Алғашқыда бұл көркем туынды YouTube әлеуметтік желісіне 6 сериялық телехикая ретінде көрерменге жол тартты, бірақ ол сәтсіз аяқталып, режиссердің шешімімен үлкен экранға шығаруды жөн көрді. Нәтижесінде, келесідей көрсеткішке қол жеткізді.


3-кесте.

(2024 жылдың санағы бойынша «YouTube» әлеуметтік желісіндегі. «Оян Қазақ!» телехикаяның көрсетілім саны)



4-кесте.

(2024 жылдың санағы бойынша «Kino.kz» Қазақстандық киноафиша желісіндегі «Оян Қазақ!» фильмінің көрсетілім деңгейі)



Жоғарыда келтірілген мәлімет бойынша, «YouTube» әлеуметтік желісіндегі «Міржақып, Оян Қазақ!» телехикаясының бірінші бөлімі 4 млн 900 мыңдай көрсетілім жинаса, соңғы алтыншы бөлімі

500 мыңдай ғана көрсетілім жинады. Ол дегеніміз, қазіргі ақпарат тым көп заманда адамзат баласының көлемді ақпаратты толық игере алмауында. Нәтижесінде ұзақ бөлімді телехикаялар назардан тыс қалуда. Десе де ол, киноиндустрияның дамып, өз көрерменін табуға кері әсерін тигізбейтіні сөзсіз. Осы көлемді жұмыс пен режиссердің тың көзқарасының нәтижесінде, қалың көрермен назарына толық метрлік көркем фильм жарыққа шықты. 2024 жылдың санағы бойынша «Kino.kz» Қазақстандық кино афиша желісіндегі «Оян Қазақ!» фильмінің көрсетілім деңгейі 9,8 пайызды құрап, көрерменнің 3437 дауысын жинады. Салыстырмалы түрде талдаудың нәтижесінде осы уақытқа дейін жарыққа шыққан тарихи туындылардан бірнеше есе көп көрсетілім жинай алды. Ол дегеніміз, көркем фильмнің идеясы, сценарий мен түсірілім деңгейінің жоғарлығы және көрерменге айтар ойының терең болғандығының нәтижесі деп білеміз.

Қорытындылай келе, Киноиндустрия елдің мәдени құндылықтарын, дәстүрлері мен тарихи мұраларын тарату мен насихаттаудың қуатты құралы бола отырып, ұлттық мәдени бірегейлікті қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Кино өнер ретінде де, әлеуметтік институт ретінде де көрермендерге идеяларды, бейнелер мен сезімдерді жеткізе алып, олардың қабылдауы мен дүниетанымына әсер етеді. Кино арқылы адамдар таныс пейзаждар мен әдет-ғұрыптарды ғана емес, сонымен бірге халықтың рухын, оның тарихы мен құндылықтарын да түсіне алуға мүмкіндіктері орасан зор.

Ұлттық кинематография фильмдерінің мысалында, соның ішінде «Оян Қазақ!» фильмі ұлттың ұжымдық өзін-өзі тануы қалай қалыптасатынын, қоғамда қандай тақырыптар мен мәселелер өзекті болып жатқанын көруге және халқымыздың тарихына тағы бір мәрте шолу жасауға мүмкіндік сыйлаған тарихи көркем туынды. Киноиндустрия мәдени мұраны сақтауға ықпал ете отырып, өз ұлтының бірегей ерекшеліктерін сақтауға және болашақ ұрпаққа беруге мүмкіндік береді.

Осылайша, киноиндустрия ұлттық мәдени бірегейлікті құруда және сақтауда маңызды рөл атқара отырып, ұлттың бірегей қасиеттерін, оның тарихы мен құндылықтарын сақтауға ықпал етеді.

#### Пайдаланған әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасын бекіту туралы: 2021 жылдың 12 қазанда, №724 қабылданған // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000724>. 20.01.2022.
- 2 Ахметов К. Кино как универсальный язык: лекции о кинематографии. – М.: АСТ, 2019. – 461 с.
- 3 Манақбаева А.Б. Мәдениетаралық коммуникациядағы киноның ролі // Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Көптілділік және мәдениетаралық коммуникация: тәжірибе, мәселелер, перспективалар»: халық. ғыл.-тәжір. конф. жін. – Павлодар, 2022. – Б. 563-568.
- 4 Кылышбаева Б.Н., Борецкий О.М. Методологические подходы в изучении социокультурной реальности в зеркале казахстанского кино // Вестник КазНУ. – 2019. – Т. 69, №2. – С. 143-151.
- 5 Қазақ оянуға мұқтаж. «Міржақып. Оян, Қазақ!» фильмінің культке айналуына тарихшылардың пікірі. Ақпарат порталынан алынған <https://qaz365.kz/culture/4798-kazak-oianuga-muk-tazh-oian-kazak-filminin-kultke-ainaluyna-tarikhshylardyn-pikiri-kandai/>
- 6 Қазақ оянуға мұқтаж. «Міржақып. Оян, Қазақ!» фильмінің культке айналуына тарихшылардың пікірі. Ақпарат порталынан алынған <https://qaz365.kz/culture/4798-kazak-oianuga-muk-tazh-oian-kazak-filminin-kultke-ainaluyna-tarikhshylardyn-pikiri-kandai/>

### АСПЕКТЫ ВЗАИМОПРОНИКНОВЕНИЯ ДОКУМЕНТАЛЬНОГО И ИГРОВОГО ФИЛЬМА

**Аманжол Айтуаров**

доцент Каз.НАИ им. Т.Жургенева  
aaituarovv@gmail.com

#### 1. «Постановочность» или реальная действительность?

Общепринято, что игровое кино, в отличие от документального предполагает в себе постановочные сцены, с участием актеров, использование дополнительных световых приборов, сложной съемочной техники, художественного оформления кадра, и т.д.

Однако, даже при беглом соприкосновении с документальным кинематографом, мы видим, что это не так.

Даже один из родоначальников документального кинематографа, Дзига Вертов, в своих фильмах, явно использовал постановочные сцены, которые, почти наверняка снимались не с одного дубля. К примеру, в фильме «Человек с киноаппаратом» мы видим явно организованные сцены «пробуждения» и «засыпания» города, девушки, которая только проснулась и умывается и др.